

**Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне "Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының Заңы 2001 жылғы 5 шілде N 223-II

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 1995 жылғы 24 сәуірдегі Z952235\_ Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 6, 43-құжат; N 12, 88-құжат; N 23, 152-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 180, 181-құжаттар; N 11-12, 257-құжат; N 15, 281-құжат; N 23-24, 416-құжат; 1997 ж., N 4, 51-құжат; N 7, 82-құжат; N 10, 112-құжат; N 11, 144-құжат; N 12, 184, 188-құжаттар; N 13-14, 195, 205-құжаттар; N 20, 263-құжат; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 4, 45-құжат; N 14, 197, 201, 202-құжаттар; N 23, 425-құжат; N 24, 436, 442, 445-құжаттар; 1999 ж, N 6, 192, 193-құжаттар; N 20, 731-құжат; N 21, 786-құжат; N 23, 928-құжат; N 24, 1067-құжат; 2000 ж, N 3-4, 65, 66-құжаттар; N 10, 234-құжат; 2001 ж., N 3, 16-құжат; 2001 жылғы 5 мамырда "Егемен Қазақстан" және 2001 жылғы 9 мамырда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2001 жылғы 3 мамырдағы Z010183\_ Қазақстан Республикасының Заңы; 2001 жылғы 15 маусымда "Егемен Қазақстан" және 2001 жылғы 13 маусымда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2001 жылғы 11 маусымдағы Z010207\_ Қазақстан Республикасының Заңы):

57-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 28) тармақшамен толықтырылсын:

"28) жобалау-смета құжаттамасына сәйкес инфрақұрылым объектілерін, әкімшілік және тұрғын үй кешендерін салу және іске қосу процесінде толығымен тұтынылатын тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) "Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағы аумағында сату жөніндегі айналымдар. Егер салық төлеуші осы тармақшада аталған айналымдармен қатар сату бойынша басқа да айналымдарды жүзеге асыратын болса, ол осы тармақшада аталған айналымдар бойынша және басқа да айналымдар бойынша бөлек есеп жүргізуге міндетті.

Осы тармақшада көзделген жеңілдіктер "Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағының аумағындағы салық органында салық төлеушілер ретінде тіркелген мына тұлғаларға:

з аң д ы                      т ұ л ғ а л а р ғ а ;

кәсіпкерлік қызметті заңды тұлға құрмай жүзеге асыратын жеке тұлғаларға;  
тұрақты мекеме арқылы қызметін жүзеге асыратын резидент еместерге  
қ о л д а н ы л а д ы .

"Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағының аумағындағы салық органына берілген, салық төлеушінің қосылған құн салығынан босатылудан бас тартуын растайтын мәлімдеме негізінде салық төлеушілер осы тармақшада көзделген жеңілдікті қ о л д а н б а у ғ а х а қ ы л ы .

Осы тармақшада аталған салық төлеушілер 2002 жылғы 15 наурыздан кешіктірмей "Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағының аумағындағы салық органына:

2002 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша өз шегінде "Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағы құрылатын аумақта тұрған және құрылыс процесінде пайдаланылмаған тауар-материалдық қорлардың қалдықтары бойынша;

2002 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша өз шегінде "Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағы құрылатын аумақта салынып жатқан әрбір объект бойынша тауар-материалдық қорлардың, орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің құнын қоса алғанда, аяқталмаған құрылыстың құны бойынша мәліметтер беруге м і н д е т т і .

Осы тармақшада аталған мәліметтер Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісе отырып Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі белгілеген тәртіп пен нысанда табыс етіледі.";

58-бап мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Осы Заңның 60-1-бабының 2-тармағында көрсетілген құжаттар "Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағы аумағына еркін кеден аймағы режимінде тауарлар экспортын растау болып табылады.";

мынадай мазмұндағы 60-1-баппен толықтырылсын:

"60-1-бап. "Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағы аумағына сатылатын тауарларға салық салу

1. Жобалау-смета құжаттамасына сәйкес инфрақұрылым объектілерін, әкімшілік және тұрғын үй кешендерін салу және іске қосу процесінде толығымен тұтынылатын тауарлар мен жабдықтарды "Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағы аумағына сатуға нөлдік ставка бойынша қосылған құн салығы салынады.

Осы Заңның мақсаттары үшін үйлерді, ғимараттарды, инфрақұрылым объектілерін тұрғызу процесіне тікелей тартылған тауарлар құрылыс процесінде толығымен тұтынылатын тауарлар деп ұғынылады. Электр энергиясы, бензин, дизель отыны мен су құрылыс процесінде толығымен тұтынылатын тауарларға жатпайды.

1-1. Осы баптың 1-тармағында аталған айналымдар бойынша есепті кезең ішінде есептелген салықтың сомасына есепке жатқызылған салық сомасының артығы салық төлеушіге оның өтініші бойынша белгіленген мерзімдерде "Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағының аумағындағы салық органынан растау алынғаннан кейін

әкелінген тауарлар мен жабдықтардың құрылыс процесінде іс жүзінде тұтынылған бөлігінде қайтарылады. Аймақтың аумағында құрылған атқарушы органның "Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағының аумағындағы салық органының сұрау салуы бойынша беретін, әкелінген тауарлар мен жабдықтардың құрылыс процесінде пайдаланылғаны туралы құжат растау үшін негіз болып табылады.

2. Осы бапқа сәйкес қосылған құн салығы бойынша нөлдік ставканы қолдану үшін:

1) арнайы экономикалық аймақ аумағында инфрақұрылым объектілерін, әкімшілік және тұрғын үй кешендерін салуды жүзеге асыратын, осы Заңның 57-бабы 1-тармағының 28) тармақшасында көрсетілген тұлғалармен тауарлар беруге жасалған ш а р т ( к е л і с і м - ш а р т ) ;

2) еркін кеден аймағының кеден режимінде тауарларды шығаруды жүзеге асырған кеден органы ресімдеген кедендік жүк декларациясының көшірмесі;

3) осы Заңның 57-бабы 1-тармағының 28) тармақшасында көрсетілген тұлғаларға тауарлардың тиеп жөнелтілгенін растайтын тауарға ілеспе құжаттар;

4) осы Заңның 57-бабы 1-тармағының 28) тармақшасында көрсетілген тұлғалардың тауарларды алғанын растайтын құжаттардың көшірмелері негіз болып табылады.";

123-баптың 2-тармағы, 4) тармақшадағы "алып жатқан" деген сөздерден кейін нүктелі үтір қойылып, мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) "Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағы аумағындағы құрылыс жүзеге асырылатын немесе аталған аймақ жұмыс істеп тұрған кезеңде онда инфрақұрылым объектілері, әкімшілік және тұрғын үй кешендері салынған жер учаскелерінен салық алынбайды.

132-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағы жұмыс істеп тұрған кезеңінде оның аумағында салынған заңды тұлғалардың және заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғалардың үйлері мен ғимараттарының қалдық құны мүлік салығын салу объектісі болып табылмайды.";

2) "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" 1995 жылғы 20 шілдедегі Z952368\_ Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 13; N 23, 152-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 180-құжат; N 18, 367-құжат; 1997 ж., N 11, 144-құжат; N 12, 189-құжат; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 4, 46-құжат; N 24, 436-құжат; 1999 ж., N 20, 717-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 6, 142-құжат; N 10, 244-құжат, N 18, 338 - құжат ) :

71-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағының аумағындағы еркін кеден аймағының кеден режимі - бұл Қазақстан Республикасының салық заңдарында белгіленген тәртіппен акциздер салынатын, арнайы экономикалық аймақтың аумағында орналастырылатын және пайдаланылатын импортталатын тауарлардан

акциз алуды қоспағанда, осы баптың бірінші бөлігінде айқындалған шарттарда қолданылатын кеден режимі." ;

73-1-баптың үшінші бөлігі және 79-баптың екінші бөлігі "Егер осы Заңда өзгеше белгіленбесе," деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 82-1-баппен толықтырылсын:

"82-1-бап. "Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағының аумағында кедендік реттеудің ерекшеліктері

"Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағының аумағына осы Заңның 71-бабының екінші бөлігінде көрсетілген жағдайларда қолданылатын еркін кеден аймағының кеден режимімен:

құрылысқа арналған машиналар мен жабдықтарды;

арнайы экономикалық аймақ аумағындағы құрылыс процесінде толығымен тұтынылатын тауарларды ;

жобалау-смета құжаттамасына сәйкес объектілерді салу мен пайдалануға беруге қажетті тауарлар мен жабдықтарды орналастыруға жол беріледі.

Бұрын еркін кеден аймағы режимімен орналастырылған отандық тауарларды " Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағы аумағынан Қазақстан Республикасы кеден аумағының қалған бөлігіне әкету кезінде тауарды әкететін тұлға төлем ретінде немесе тауарларды әкелу кезінде берілген өзге де жеңілдіктер нәтижесінде алынған сомаларды қайтарады ." ;

3) Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы" 1996 жылғы 26 қаңтардағы N 2823 Z962823\_ заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 179-күжат; N 14, 274-күжат; 1998 ж., N 24, 443-күжат; 1999 ж., N 6, 191-күжат):

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Заңы

"Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы";

кіріспе алып тасталсын ;

5 және 16-баптарды қоспағанда, бүкіл мәтін бойынша "Жарлық", "Жарлықтың", " Жарлықпен", "Жарлыққа" деген сөздер тиісінше "Заң", "Заңның", "Заңмен", "Заңға" деген сөздермен ауыстырылсын ;

"Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар Жарлығына" деген

сөздер "Қазақстан Республикасының Заңына" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"1-бап. Осы Заңмен реттелетін қатынастар

Осы Заң Қазақстан Республикасының аумағында арнайы экономикалық аймақтар құрудың, олардың жұмыс істеуі мен таратылуының жалпы құқықтық негіздерін белгілейді." ;

4-баптың 2-тармағында "Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын" деген сөздер "Қазақстан Республикасы бекіткен" деген сөздермен ауыстырылсын;

7-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"7-бап. Арнайы экономикалық аймақты басқару

Арнайы экономикалық аймақты басқаруды аумағында арнайы экономикалық аймақ орналасқан әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы органы жүзеге асырады.";

8, 9-баптар және 11-баптың 2-тармағы алып тасталсын;

12-бапта:

екінші бөлік алып тасталсын;

үшінші бөлікте "Аталған" деген сөз алып тасталсын;

13-бап алып тасталсын;

15-баптың 2-тармағы алып тасталсын;

4) 2001 жылғы 20 маусымда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Z010210\_ Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексін) қолданысқа енгізу туралы" 2001 жылғы 12 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

2-баптың 1-тармағының соңғы абзацындағы "тармағы" деген сөзден кейін

нүктелі үтір қойылып, "қосылмайды" деген сөз алып тасталып, осы тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағының жұмыс істеу мерзімі ішінде, бірақ бес жылдан аспайтын мерзімде қолданыста болатын 57-бабы 1-тармағының 28) тармақшасы, 58-бабының 2-1-тармағы, 60-1-бабы, 123-бабы 2-тармағының 5) тармақшасы және 132-бабының екінші бөлігі қосылмайды."

Ескерту. 1-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2002.03.21. N 312 Заңымен.

Z020312\_

2-бап. Осы Заңның 1-бабының 1) және 2) тармақшалары "Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағының жұмыс істеу мерзімі ішінде, бірақ бес жылдан аспайтын мерзімде қолданыста болады.

3-бап. Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Багарова Ж.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК